

Деректер қоры

Есболат Бақбер

- **Деректер қоры** - бір-бірімен белгілі бір тәртіппен құрылымдық тұрғыдан байланысқан, машинамен оқылатын, нақты қолданбалы сала үшін көкейтесті, [ақпараттық технология](#) үшін жарамды нысандағы нақты дүние объектілері сипаттамаларының, сондай-ақ ЭЕМ-нің жадындағы немесе машинамен оқылатын сақтағыштағы (магнитті ленталардағы, дискеттердегі, ықшам дискілердегі) ақпарат жазбаларының жиынтығы. Деректер қоры қоғамның барлық ақпараттық қорларымен тығыз байланысты, солардың негізінде жасалады, ал олардың көбісі [ақпараттың](#) тек құжаттық көздерімен бірге пайдаланылады

- Деректер қоры . құрылымы берілген тәсіл бойынша ұйымдастырылған арнайы форматтағы файл. Деректер қорында сақталатын берілгендер кесте түрінде дайындалады. Яғни дискілік файл . деректер қоры, оған енгізілетін кесте . деректер қоры құрамында сақталушы объекті.

Деректерді және олардың арасындағы байланыстарды ұйымдастырудың түрлі типтері бар: иерархиялық, реляциялық және тораптық.

Иерархиялық деректер қоры . ында жазба элементтері реттеліп жазылады да, бір элементі негізі, қалғандары бағыныңқы элементтер деп есептеледі.

- Реляциялық деректер қорын құру және онымен жұмыс істеуді басқару үшін көптеген арнайы программалар дайындалған: dBase, FoxBase, FoxPro, Access. Оларды деректер қорын басқару жүйелері деп атайды. Деректер қорын басқару жүйелері дегеніміз деректер қорын құруға, оны мәліметтермен толтыруға, оның мазмұнын редакциялауға, оларды реттеуге, безендіруге және баспа құрылғыларына шығаруға немесе байланыс арналарына жөнелтуге арналған программалық құралдар кешені.